***№38 қазақ орта мектебі***

# *2022-2023 оқу жылының әдістемелік жұмысының жылдық талдауы*

## 2022-2023 оқу жылының әдістемелік жұмысының жылдық талдауы

### 1.Мектеп проблемасы,оқу жылы тақырыбы,мақсат-міндеттері,олардың шешілу жолдары.

**Мектептің өзекті тақырыбы:** Оқушыларға берілетін білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту.

**Мектептің ғылыми-әдістемелік жұмысының тақырыбы**: «Мектеп мұғалімдерінің үздіксіз кәсіби дамуына жетекшілік ету арқылы оқыту мен оқу үдерісін дамыту» тақырыбымен жұмыс жасады.

***Мақсаты:****Білім беру үрдісіндегі оқытудың жаңа технологияларын енгізу, оқытудың инновациялық әдістерін тиімді пайдалану, білім беру үрдісін ақпараттандыру арқылы білім беру сапасын арттыру, ұстаздардың кәсіби біліктілігі мен педагогикалық шеберлігін көтеру, озат тәжірибені зерттеп, жинақтау.*

***Ғылыми-әдістемелік жұмыстың міндеттері:***

- *әдістемелік қызметтің жаңашыл бастамаларын анықтау;*
- *қазіргі білім саласындағы оқытудың озық жаңа технологияларымен қаруланып, мұғалімнің кәсіби шеберлігінің деңгейін көтеру;*
- *әдістемелік көмек көрсету,қазіргі заман талабына сай әлемдік білім кеңістігіне шығу жолын қарастыру.*

Мектептің өзекті мәселесі: 2022-2023 оқу жылында 3 жылға белгіленді.

Мәселенің жүзеге асуының кезеңдері:

І кезең: 2022-2023,2023-2024 о.ж. білім беру үрдісіндегі оқытудың жаңа технологияларын енгізу, оқытудың инновациялық әдістерін тиімді пайдалану, білім беру үрдісін ақпараттандыру арқылы білім беру сапасын арттыру.

ІІ кезең:2024-2025 о.ж. ұстаздардың кәсіби біліктілігі мен педагогикалық шеберлігін көтеру, озат тәжірибені зерттеп, жинақтау.

**Күтілетін нәтиже:**

- *әдістемелік қызметтің жаңашыл бастамалары анықталады;*
- *қазіргі білім саласындағы оқытудың озық жаңа технологияларымен қаруланып, мұғалімнің кәсіби шеберлігінің деңгейі көтеріледі;*
- *әдістемелік көмек көрсетіліп,қазіргі заман талабына сай әлемдік білім кеңістігіне шығу мүмкіндігі болады.*

Педагогикалық құрам мен білім алушылардың жеке көрсеткіштерінің есебі толығымен жүргізіледі. Білім алушылардың тоқсандық және жылдық білім сапасы мен үлгерімнің көрсеткіштері, мұғалімдер мен оқушылардың сайыстар мен ғылыми жұмыстарға қатысу нәтижесінің сандық, пайыздық үлесі туралы мәліметтері бойынша мониторингтер жүргізілген. Әкімшілік жұмыстарының талдаулары соңында кемшіліктері мен ұсыныстары келтірілген.

Жоғарыда белгіленген әдістемелік тақырыпты,мақсат-міндеттерді шешу жолында төмендегідей нақты жұмыстар атқарылып, нақты нәтижелерге қол жеткізілді:

1. Мұғалімдердің кәсіби әдістемелік біліктілік деңгейін арттыруда барлығы 21 мұғалім облыстық мұғалімдердің біліктілігін арттыру институтынан курстан өтті, бұл ұжымның 30 % құрайды. 8 мұғалім аттестаттаудан және қайта аттестаттаудан өтті.
2. Жобасын тиімді шебер қолданудың нәтижесі мектепішілік, қалалық, облыстық семинарлар, ашық сабақтар, кластан тыс шаралар онкүндіктерінде үлгі, озат тәжірибе есебінде көрсетіліп, көз жеткізілді.
3. Ізденімпаз, шығармашыл ұстаздарымыз Л.Урекешова,А.Қайбалдина, К.Ізбасова,К.Дуйисова, П.Мадетхан,Р,Туребаева,З.Турлыбекова,Г.Кемединова, Л.Асимбетова, Ж.Айпанова, А.Мұстафина,А.Калиева,Э.Кузбаева,А.Жайлышева, Г.Кемединова,Б.Куатова,З.Кисметова,А.Утебасов,Б.Изтаева,Ш.Тажиева,А.Андиров,

Г.Сырлыбаева, Г.Жугунусова,Н.Кадырова,Н.Ескарина,Б.Бернниязовлардың баяндама, үздік сабақ жоспарлары республикалық, халықаралық басылымдарда жарық көрді.

4. Дарынды балалармен жүйелі жұмыстың арқасында нақты нәтижелерге қол жеткізілді.

Мектеп оқушылары пәндік олимпиада қалалық,облыстық, «Дарын» жоба қорғау бағытында облыстық деңгейде жүлделі орындарға ие болды.

Мақсатты түрде химия,физика,география,бастауыш сынып,информатика,қазақ тілі мен әдебиеті,мультимедиялық, алғашқы әскери даярлық кабинеттерінің әдістемелік материалдық базалары толықтырылып, нығайтылды, әдістемелік көмекші құралдарымен молайтылды,барлығы құжаттандырылған 11 кабинет жұмыс жасайды.

Әр жұмысты мақсатты түрде орындаудың нақты нәтижесі, сапасы талдау барысында көрінеді. Мектептің әдістемелік жұмысы әдістемелік кеңес, әдістемелік бірлестіктер, шығармашылық топ, жас мамандар мектебі, «Жас дарын» орталығы негізінде жүргізіледі.

Әдістемелік жұмыс жоспары мектептің жылдық жоспарымен байланыстырыла төмендегідей бағыттарды қамтыды:

1. Әдістемелік кеңес
2. Семинар,апталықтар,ашық сабақтар, кластан тыс шаралар
3. Жаңашылдық жұмыстар
4. Педагогикалық іс-тәжірибелерді тарату, жинақтау. Өз білімдерін жетілдіру.
5. Жас мамандармен жұмыс
6. Дарынды балалармен жұмыс
7. Аттестация
8. Оқу үрдісіндегі әдістемелік шаралар.

Мектепте 9 әдістемелік бірлестік жұмыс жасайды: қазақ тілі ӘБ, шет тілі ӘБ, орыс тілі ӘБ, математика, физика, информатика ӘБ, жаратылыстану ӘБ, эстетикалық пәндер ӘБ, дене шынықтыру ӘБ, бастауыш сынып ӘБ, тарих, құқық ӘБ.

ӘБ-дің жетекшілерінің бәрі де жоғары білімді, педагогикалық еңбек өтілі талапқа сай. Оқу жылының барысында ӘБ жұмысы жоспарлы жүйелі түрде жүзеге асты. Оның ішінде пән бойынша тексеру, бақылау жұмыстарын алу, оқу техникасын тексеру, тілдер айлығы, сарамандық, бақылау диктанты, жұмыс дәптерлерінің жүргізілу деңгейлерін бақылау.

Мәнерлеп оқу сайыстары, олимпиада, байқаулар, көрмелер, спартакиадалар – мұның бәрі ӘБ мүшелерімен жүргізілген жұмыс. Әр жасалған жұмыс қорытындыланып, материалдар жинақталды. Қайсыбір шараның да оқу тәрбие үрдісіндегі маңызы жоғары болды, себебі сол шаралар арқылы мұғалім өзіне тәжірибе жинаса, өз шеберлігін арттырса, ал оқушылардың дүниетанымы кеңейіп, шығармашылық қабілеттері дамыды, өз бетімен жұмыс жасауға төселді, жауапкершіліктері артып, адамгершілік қасиеттері қалыптасты. Әр оқу жылының басында әдістемелік кеңесте мектеп мұғалімдерін Білім беру министрлігінің нұсқау хатымен таныстыру жұмысы жүргізілді. Мектеп мұғалімдерінің тақырыптық-күнтізбелік жоспарлары әдістемелік нұсқау хатқа сәйкес құрылған.

## 2. Педагогикалық ұжымның сапалық құрамы

**2022-2023 оқу жылының басында** №38 орта мектепте педагог кадрлардың саны – 74. Оның ішінде 67 мұғалім жоғары білімді маман, ұжымның 91%, ал 7 мұғалім арнаулы орта білімді, яғни 9%. Мектеп кадрлармен толық қамтамасыз етілген. Мұғалімдердің барлығы педагогикалық білімді.

Санаттары бойынша: жоғары санатты - 3 (4%), зерттеуші – 23 (31%) бірінші санатты -2 (3%),сарапшы – 4 (6%), екінші санатты- 0, модератор -15 (20%), санаты жоқ мұғалім -27 (37%).

**2022-2023 оқу жылының аяғында** №38 орта мектепте педагог кадрлардың саны – 68. Оның ішінде 62 мұғалім жоғары білімді маман, ұжымның 91%, ал 6 мұғалім арнаулы орта білімді, яғни 9%. Мектеп кадрлармен толық қамтамасыз етілген. Мұғалімдердің барлығы педагогикалық білімді.

Санаттары бойынша: жоғары санатты - 3 (4%), зерттеуші – 23 (34%) бірінші санатты -2 (3%),сарапшы – 4 (6%), екінші санатты- 0, модератор -13 (19%), санаты жоқ мұғалім -23 (34%).

**Аттестация, қайта аттестациялау**

2022-2023 оқу жылында №38 орта мектептің аттестациялау комиссиясының отырысында педагог-зерттеуші,педагог-сарапшы,педагог-модераторға үміткер 18 мұғалімнің өтініші қаралды.

Мектеп бойынша 2023 жылдың ақпан айында өзінде бар педагог-зерттеуші санатын қайта бекітуге өтініш білдірген 1 мұғалім (Далеуова С.А – қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі), өзінде бар педагог –сарапшы санатын қайта бекітуге өтініш білдірген 2 мұғалім (Ізбасова К.К орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, Изтаева Б.А - бастауыш сынып мұғалімі), педагог-сарапшы санатына 2 мұғалім (Тажиева Ш – информатика пәні мұғалімі, Кадырова Н.Ж- қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі), педагог-модератор санатына 13 мұғалім (Қасен Н.Қ,Асимбетова Л.К,Бердібек Г.Ж, Шитпанов Н.О,Тынышов А,Сафина А.Ә,Джанбауова Д.Ж,Жұмабек Э.Ж,Сүйеуов Р.Ө,Нұрсұлтанова С,Сақтағанова Г,Бердіғалиев А,Сүлейменов Б.Д) өтініш білдірді. Кешенді сараптамадан өтініш білдірген педагогтердің 13-і өтіп, аттестациялаудың II кезеңіне жіберілді. Нәтижесінде 8 мұғалім өтініш білдірген санат талаптарына сай болып,аттестациядан өтті. Олар: Далеуова С.А, Ізбасова К.К, Изтаева Б.А, Қасен Н.Қ, Асимбетова Л.К, Джанбауова Д.Ж, Жұмабек Э.Ж, Сүйеуов Р.Ө.

**2. Педагогикалық және әдістемелік кеңестің әрекет етуі және тиімділігі**

Мектеп проблемасын басшылыққа алып, белгілі бір нәтижеге қол жеткізу мақсатында әдістемелік кеңестің күн тәртібіне өзекті мәселелер қойылды. Әдістемелік кеңес жыл бойы жоспарға сәйкес 5 рет өтті. Күн тәртібіндегі мәселелер:

- Әдістемелік жұмыстың жылдық жұмыс жоспарымен таныстыру, бекіту.
- Әр тоқсан бойынша жүргізілген әдістемелік жұмыстардың деңгейі.
- Мектепішілік олимпиада жеңімпаздарын қалалық олимпиадаға ұсыну.
- Кешенді бағдарлама бойынша жұмыс деңгейі.
- ӘБ жұмысының жылдық есеп талдауы, жылдық жұмысты қорытындылау.
- Жаңа технологияның қолданылуын зерттеу.

Оның ішінде мектепішілік олимпиада нәтижесі, аттестаттау мәселелері,озат тәжірибелі ұстаздардың қолданып жүрген әдіс-тәсілдерінің тиімділігін тарату мақсатында математика,тарих бірлестіктерінің қалалық деңгейде өткізген іс-шарасын, қазақ тілі,бастауыш сынып бірлестіктерінің шығармашылық шеберхана жұмыстарын (жетекшілері: Кузбаева Э.Б,Кемединова Г.И,Турлыбекова З.К),мектепішілік lesson study зерттеу сабақтарын өткізу болды. Мектеп әкімшілігінің тұжырымдауынша, мектеп көлемінде өткізілген онкүндіктер, сыныптан тыс шаралар, ашық сабақтар, семинарлар, тыңдалған баяндамалар, дарынды балалармен жеке жұмыстар арқылы пән мұғалімдері оқушылардың шығармашылықпен ойлау қабілеттерін дамыта отырып, өз бетімен ізденіс үстінде жеке тұлға ретінде шығармашылық деңгейде қалыптасуына жол сала білді. Оқу үрдісінде әдістемелік тақырыпқа сүйене отырып, әр мұғалім оны өзінің жеке тақырыптарымен ұштастыру негізінде жүзеге асыру үшін жеке оқушымен жұмыс, әр оқушының жеке ерекшеліктерін ескеріп, икем дағдысына сай шығармашылықпен ой түйе білетін жеке тұлғаның жұмыс жасау дағдыларын дамыту мақсаттарын көздеді. Әр әдістемелік кеңесте қаралған мәселеге қарай өзіндік ұсыныстар мен қаулылар қабылданды. Әр әдістемелік кеңесте қаралған мәселелер қорытындысы бақыланып отырылды.

**Әдістемелік қызмет проблемасын шешуге бағытталған іс шаралар (семинарлар, конференциялар т.б.)**

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі - мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау - әр мұғалімнің борышы. Ол өз кәсібін,

өз пәнін , барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйеті– адам. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған– рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі. Осы мақсатты жүзеге асыру барысында 2022-2023 оқу жылында мұғалімдердің іс-тәжірибелері мектепішілік,қалалық,облыстық деңгейде таратылды.

Педагогикалық тәжірибені тарату мақсатында әдістемелік құралдар, электрондық орталар шығарылып, қала, облыс, республика және халықаралық көлемінде баяндамалар оқылып, ашық сабақтар, мақалалар республика, облыс көлеміндегі газет-журналдарға, ашық сабақтары және сыныптан тыс жұмыстар интернет сайттарына жарияланды..

Мұғалімдердің кәсіби деңгейін көтеруіне тәжірибе жинақтауына ерекше үлес қосатын әдістемелік шаралардың бірі-семинарларға қатысу, семинарлар ұйымдастыру. Бұл бағытта елеулі жұмыстар атқарылды. Қалалық деңгейде ұйымдастырылған ғылыми-практикалық конференция, семинар, шығармашылық есеп, дөңгелек стол, теориялық дәріс беру шараларына мүмкіндігінше мектеп мұғалімдері қатыстырылды.Қаладағы алдыңғы қатарлы ұстаздардың қолданып жүрген тиімді әдіс-тәсілдерін, жаңа технология элементтерін тәжірибеде қолданылғанын көріп, өз тәжірибелеріне енгізді.

2022-2023 оқу жылында ұстаздардың әдістемелік шеберлігі, іскерлігін өзіміздің педагогикалық ұжымымызда танытып, мектепішілік деңгейде таратуға ерекше көңіл бөлінді, әрі мектепішілік ұйымдастырылған онкүндік, апталықтарға мұғалімдердің белсенді қатысуын,өзара тәжірибе алмасуын, өздерінің ұжымдас әріптестерінен үйренуге атсалысуға талап қойылды.

Жалпы оқыту мен білім беру – қоғаммен бірге дамитын үздіксіз процесс, сондықтан мұғалім- озық ой мен шынайы практиканың иесі десек, мақсат-түпкі нәтижеге қол жеткізу. Өмірдегі, қоғамдағы өзгерістерге сәйкес оқыту процесін заман талабына сай ұйымдастыру қажеттілігі өзінен-өзі туады.

Соңғы уақытта оқытудың жаңа педагогикалық технологиялары көптеп пайда болуда және олар оқуышлардың білім деңгейінің көтерілуіне игі әсер етті. Оқушының жеке тұлға болып қалыптасуына, шығармашылық жұмыс жасауына, пәнге деген қызығушылығының артуына пайдасы зор. Әр пән мұғалімі өз пәнінің ішкі болмысына қай әдістемелік әдіс-тәсіл тиімді болса, соны қолдана отырып, белгілі нәтижеге жетуді көздеп отырды. Биылғы оқу жылында да әр ӘБ – дің әр пән мұғалімдерінің жаңа технологияны қолдана білу шеберлігі мектепішілік апталықтар,өткізілген ашық сабақтар мен семинарлар кезінде байқалды. Олар: «Бастауыш-білім данасы», «Ғасырдың ғажап үш тірегі», «Салауатты өмір – нұрлы болашақ», «Еңбек етсең жетерсің мұратқа», «Бізді қоршаған ғажайып әлем», «Волшебная сила слова», «Тіл-тірегім,соғып тұрған жүрегім», «Тәуелсіздік деп соғады жүрегім», «Welcome to the world of English».

Сыныптан тыс шаралар арқылы мұғалімдер оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, белсенділіктерін арттыруға елеулі әсер етті. Түрлі формада өткен шаралар арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығы арттырылып, сөздік қоры, мәдениетті, сөйлеуі, эстетикалық талғампаздығы белгілі бір деңгейде дамыды деп есептеледі.

Әр бірлестік сыныптан тыс шараларды сайыс, интеллектуальды ойын, көрме, кеш, дөңгелек стол, әдеби-музыкалық монтаж, оқырмандар конференциясы, әскери спорт, жарыс, кездесу түрінде өткізді.

Шығармашылық топ мүшелерінің белгілі бір деңгейде еңбектерінің нәтижелері бар. 2022-2023 оқу жылында мектеп бойынша 2 шығармашылық шеберхана жұмыс жасады. "Бастауыш сынып оқушыларына негізгі пәндерді оқыту кезіндегі тиімді әдіс-тәсілдер" тақырыбындағы шеберхананың жетекшілері - Кемединова Г.И,Турлыбекова З.К.

Шеберхана жұмысының мақсаты: Мұғалімдердің кәсіби шеберліктерін жетілдіру арқылы оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін тиімді пайдалануына ықпал жасау, жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдалуға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру.
«Қазақ тілі мен әдебиеті пәні сабақтарында оқушы бойына құндылықтарды дарыту жолдары» тақырыбындағы шеберхананың жетекшісі –Кузбаева Э.Б.
Мақсаты: Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім беруді ақпараттандыру сабақ барысында ұлттық құндылықтарды оқытуды жүзеге асыру; мектеп ұжымдарының, әр мұғалімнің ізденісі арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа тәжірибеге, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттігін көздеу.
Белгіленген мақсаттарға шеберхана отырысында өткізілген түрлі іс - шаралардың, коучинг, ықшам сабақтар және де практикалық сабақтар нәтижесіне қол жеткізілді.
Шығармашылық шеберханалар 2023-2024 оқу жылында өз жұмысын жалғастырады.
Олимпиада жүлдегерлері, КҒА жеңімпаздары, шығармашылық жобалар жеңімпаздары, көркемсөз шеберлерінің жетістіктері – осы шығармашылық топ мүшелерінің еңбектері.

Сонымен қатар, 2022-2023 оқу жылында өз тәжірибесіндегі озық сабақ үлгілері, баяндамалары облыстық, республикалық басылымға жіберіліп, жарық көрген мұғалімдер бар.

*Баспа әрекеті 2022-2023 оқу жылы*

| № | Мұғалім аты-жөні | Тақырыбы | Таратылған жылы |
|---|---|---|---|
| 1 | Кайбалдина Айгул | 1836-1838 жылдардағы Бөкей Ордасындағы қазақтардың көтерілісі | «Педагогикалық қоғамдастық хабаршысы» республикалық №2,2023 |
| 2 | Кузбаева Эльмира | Әбіш Кекілбаев шығармаларында туған жер табиғатының суреттелуі | «Uzdik ustaz» республикалық журнал №11,2022 |
| 3 | Кадырова Нурсая | Мұхтар Әуезов зерттеулеріндегі Жүсіп Баласағұн және «Құтты білік» | «Педагогикалық қоғамдастық хабаршысы» республикалық №2,2023 |
| 4 | Кадырова Нурсая | Мұхтар Әуезов зерттеулеріндегі Жүсіп Баласағұн және «Құтты білік» | «Заманауи білім берудегі ШЖМ» облыстық журнал,№1,2023 |
| 5 | Ізбасова Күнім | Краткосрочный план урока руского языка и литературы «Волшебство музыки в творчестве К.Г.Паустовского» | «Оқу үрдісіндегі қазіргі заманғы білім беру технологиялары» республикалық жинағы,2022-2023 |
| 6 | Ескарина Нургул | Traditional storis | «Просвещение» республикалық журнал,№3,2023 |
| 7 | Ескарина Нургул | Functional – semantic approach to language | «Әдіскер» халықаралық ғылыми-әдістемелік журнал,№9,2022 |
| 8 | Урекешова Лариса | Құрлық суларының түрлері мен қалыптасуы (ҚМЖ 8- сынып география пәні) | «Педагогикалық қоғамдастық хабаршысы» республикалық №4,2023 |
| 9 | Жугунусова Гулназ | Ағылшын тілін үйретуде оқушылардың сөйлеу дағдысын қалыптастыру үшін қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдер мен жаттығулар | «Педагогикалық қоғамдастық хабаршысы» республикалық №2,2023 |
| 10 | Утебасов Ануарбек | Мен ғарышкер боламын | «Ұстаз» республикалық газеті №5,31 мамыр,2023 |
| 11 | Сафина Салтанат | Мектеп жасына дейінгі балаларды мектепке дайындау ерекшелігі | «Педагогикалық қоғамдастық хабаршысы» республикалық №8,2022 |
| 12 | Калиева Анар | Жыл мезгілдері,айлар,апта күндері | «Актөбе ұстазы» республикалық газеті,№21-22,30.11.2022 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 13 | Балапашева Жумагул | С.Бегалин «Есеннің кірпісі» әңгімесі | «Бастауыш мектеп» республикалық педагогикалық ғылыми-әдістемелік журнал,№5,мамыр 2023 |
| 14 | Сырбаева Айжан | «Environmental problems» тақырыбындағы әдістемелік материалы | https:www.bilimaktobe.kz/ сайты,ақпан 2023 |
| 15 | Жұмабек Эльмира | Мәтін және оның түрлері | «Бастауыш мектеп» республикалық педагогикалық ғылыми-әдістемелік журнал,№5,мамыр 2023 |
| 16 | Айпанова Жанар | Жанды табиғат туралы мазмұндай аламын | «Бастауыш мектеп» республикалық педагогикалық ғылыми-әдістемелік журнал,№5,мамыр 2023 |
| 17 | Сырлыбаева Галия | С.Бегалин «Есеннің кірпісі» | «Бастауыш мектеп» республикалық педагогикалық ғылыми-әдістемелік журнал,№5,мамыр 2023 |
| 18 | Исбулаева Лаззат | «Табиғат әлеміне саяхат» | «Педагогикалық қоғамдастық хабаршысы» республикалық №4,2023 |
| 19 | Турлыбекова Зару | Мәтін және оның түрлері | «Бастауыш мектеп» республикалық педагогикалық ғылыми-әдістемелік журнал,№5,мамыр 2023 |

**Конференциялардағы жариялымдар**

| № | Мұғалім аты-жөні | Тақырыбы | Таратылған жылы |
|---|---|---|---|
| 1 | Калиева Анаргуль | Бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу тілінің дамуы | Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция,2022 |
| 2 | Кемединова Гулнур | Ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқытудың ерекшеліктері: жағдайы,мәселелері,болашағы | XI Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция,24.08.2022 |
| 3 | Ізбасова Күнім | Инновационный подход в инкюзивном образовании | Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция,30.11.2022 |
| 4 | Кадырова Нурсая | Тәуелсіздік дәуіріндегі қазақ прозасындағы жазушылық тенденциясы (Т.Нұрмағанбетов шығармалары негізінде) | III Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция,27.02.2023 |
| 5 | Утебасов Ануарбек | Инклюзивті білім беру жағдайында музыка сабағын ұйымдастыру ерекшеліктері | Облыстық ғылыми-практикалық конференция,2023 |
| 6 | Сырбаева Айжан | Ағылшын тілі сабағында жаңа технологияларды пайдалану тәжірибемізден | Облыстық ғылыми-практикалық конференция,2022 |
| 7 | Бернияэова Бибигуль | Жаңартылған білім беру мазмұны аясында ағылшын тілін оқытудың ерекшеліктері | Облыстық ғылыми-практикалық конференция,2022 |
| 8 | Калиева Анаргуль | Оқушылардың зерттеушілік дербестігін қалыптастыру жолдары | «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Облыстық ғылыми-практикалық конференция,2022 |
| 9 | Тажиева Шынаргул | Цифрлық білім беру ресурстарын пайдаланудың ерекшеліктері | Облыстық ғылыми-практикалық конференция,2022 |
| 10 | Дуйисова Клара | Цифрлық білім беру ресурстарын пайдаланудың ерекшеліктері | Облыстық ғылыми-практикалық конференция,2022 |
| 11 | Абдуллина Айгерім | Информатиканы оқытуда мұғалімнің рөлі | Облыстық ғылыми-практикалық конференция,2022 |
| 12 | Турлыбекова Зару | Зерттеу мұғалім жұмысының басты нысаны | |

**Әдістемелік құрал,электронды орта жариялымының нәтижесі**

| № | Мұғалім аты-жөні | Тақырыбы | Таратылған жылы |
|---|---|---|---|

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | Кадырова Нурсая | «Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарын жаңа технологияларды қолдану арқылы оқыту» әдістемелік құрал | Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы,2023 ж |
| 2 | Кадырова Нурсая | «Қазақ әдебиеті сабағында оқушылардың танымдық қабілетін жетілдіру» электронды орта | Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы,2023 ж |
| 3 | Калиева Анаргуль | «Бастауыштағы жеке ізденісті дамыту бағыттары» әдістемелік құрал | «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы,2023 |
| 4 | Туребаева Айгуль | Биология пәнінен оқушылардың білім құзыреттіліктерін қалыптастыратын сабақтар жинағы | Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы,2022 ж |
| 5 | Тажиева Шынаргуль | Информатика сабағында жаңа технологияны қолданудың тиімділігі» электронды орта | Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы,2023 ж |
| 6 | Тажиева Шынаргуль | Информатика пәнінен дәрістер жинағы | Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы,2023 ж |
| 7 | Турлыбекова Зару | Оқытудың белсенді әрекетін дамыту | «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы,2023 |

**Кәсіби байқаулар: 2022-2023 оқу жылы**

**Облыстық педагогикалық олимпиада нәтижелері**

| № | Аты-жөні | Орны | Уақыты |
|---|---|---|---|
| 1 | Кайбалдина Айгул | II орын | 28.03.2023 |
| 2 | Жаңабаева Данагүл | II орын | 27.03.2023 |
| 3 | Асимбетова Лиза | I орын | 29.03.2023 |
| 4 | Кадырова Нурсая | III орын | 29.03.2023 |
| 5 | Мадетхан Перизат | II орын | 29.03.2023 |
| 6 | Далеуова Светлана | II орын | 29.03.2023 |
| 7 | Кузбаева Эльмира | I орын | 29.03.2023 |
| 8 | Куатова Батима | I орын | 14.10.2022 |
| 9 | Куатова Батима | I орын | 05.04.2023 |
| 10 | Сырбаева Айжан | II орын | 05.04.2023 |
| 11 | Қалабаева Әйкерім | III орын | 14.10.2023 |
| 12 | Ізбасова Күнім | I орын | 03.11.2022 |
| 13 | Ізбасова Күнім | I орын | 13.04.2023 |
| 14 | Уразова Эльмира | II орын | 12.04.2023 |
| 15 | Уразова Эльмира | II орын | 02.11.2022 |
| 16 | Айсағалиқызы Римма | I орын | 12.04.2023 |
| 17 | Айсағалиқызы Римма | III орын | 02.11.2022 |
| 18 | Ескарина нургул | I орын | 05.04.2023 |
| 19 | Ескарина Нургул | II орын | 14.10.2022 |
| 20 | Мустафина Алтынгул | I орын | 30.03.2023 |
| 21 | Қасымқызы Толқын | I орын | 06.04.2023 |
| 22 | Бердигалиев Асхат | II орын | 07.04.2023 |
| 23 | Шакирова Гулфариза | I орын | 04.04.2023 |
| 24 | Утебасов Ануарбек | II орын | 19.04.2023 |
| 25 | Сактаганова Гулмира | II орын | 14.10.2022 |
| 26 | Жугунусова Гулназ | I орын | 05.04.2023 |
| 27 | Жугунусова Гулназ | II орын | 14.10.2022 |
| 28 | Берниязова Бибигуь | I орын | 14.10.2022 |
| 29 | Берниязова Бибигуль | II орын | 05.04.2023 |
| 30 | Кшаева Жансая | II орын | 13.10.2023 |
| 31 | Есмагамбетова Манзира | I орын | 04.04.2023 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 32 | Абдуллина Моншак | ІІ орын | 13.10.2022 |
| 33 | Жайлишева Айнагул | ІІ орын | 13.10.2022 |
| 34 | Джанбауова Дидар | ІІ орын | 12.10.2023 |
| 35 | Кемединова Гулнур | ІІ орын | 13.10.2023 |
| 36 | Омарова Гульшат | ІІІ орын | 12.10.2022 |
| 37 | Балапашева Жумагул | І орын | 05.04.2023 |
| 38 | Изтаева Бакытгул | І орын | 05.04.2023 |
| 39 | Дуйисова Клара | ІІ орын | 28.10.2022 |
| 40 | Олжабаева Дана | І орын | 28.10.2022 |
| 41 | Кисметова Зура | ІІ орын | 28.10.2022 |
| 42 | Айпанова Жанар | ІІ орын | 04.04.2023 |
| 43 | Есекен Ақторғын | І орын | 31.10.2022 |
| 44 | Турлыбекова Зару | І орын | 04.04.2023 |
| 45 | Турлыбекова Зару | ІІІ орын | 12.10.2022 |
| 46 | Жұмабек Эльмира | ІІІ орын | 12.10.2022 |
| 47 | Сырлыбаева Галия | ІІІ орын | 12.10.2022 |
| 48 | Исбулаева Лаззат | ІІ орын | 04.04.2023 |

**«Үздік ашық сабақ» І Республикалық педагогикалық байқау нәтижесі**

| № | Аты-жөні | Орны | Уақыты |
|---|---|---|---|
| 1 | Кайбалдина Айгул | ІІІ орын | 10.03.2023 |
| 2 | Далеуова Светлана | ІІ орын | 10.03.2023 |
| 3 | Ескарина Нургул | І орын | 10.03.2023 |
| 4 | Шакирова Гулфариза | І орын | 10.03.2023 |
| 5 | Андиров Алтай | ІІІ орын | 10.03.2023 |
| 6 | Урекешова Лариса | ІІ орын | 10.03.2023 |
| 7 | Кемединова Гулнур | І орын | 20.01.2023 |
| 8 | Джанбауова Дидар | ІІ орын | 10.03.2023 |
| 9 | Жайлишева Айнагул | І орын | 20.01.2023 |
| 10 | Калиева Анаргуль | І орын | 05.04.2023 |

**«Үздік сабақ жоспары» облыстық байқау нәтижесі**

| № | Аты-жөні | Орны | Уақыты |
|---|---|---|---|
| 1 | Ізбасова Күнім | ІІІ орын | 2022 |
| 2 | Айсағалиқызы Римма | ІІІ орын | 2022 |
| 3 | Балапашева Жумагул | ІІІ орын | 2022 |

**Авторлық бағдарлама**

| № | Аты-жөні | Тақырыбы | Уақыты |
|---|---|---|---|
| 1 | Омарова Гульшат | Жаратылыстану пәні бойынша мәнмәтіндік тапсырмаларды орындау арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту | «Өрлеу» БАҰО» 15.07.2022 |

**Әдістемелік семинарларға қатысым**

| № | Аты-жөні | Тақырыбы | Уақыты |
|---|---|---|---|
| 1 | Изтаева Бакытгул | «Тайм менеджмент-педагог құзыреттілігінің кәсіби жетістігі» халықаралық әдістемелік семинар-тренинг. «Тиімді әдістер-сапалы сабақ кепілі» | 15.03.2023 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2 | Калиева Анаргуль | «Бастауыш сынып оқушыларының ойлау,сөйлеу қабілетін үйлесімді дамыту арқылы шығармашылық ізденістерін қалыптастыру» облыстық семинар | «Өрлеу» БАҰО»,2022 |
| 3 | Туребаева Айгуль | «Биология пәні бойынша педагогтердің пәндік құзыреттіліктерін дамыту. 10-11 сыныптардың күрделі тақырыптары» тақырыбындағы көшпелі тәжірибелік сабақ. | «Өрлеу» БАҰО»,2022 |
| 4 | Хисамеденова Ансаған | PISA халықаралық зерттеу жағдайында функционалдық сауаттылықты дамытуда тапсырмаларды құрастыру және дайындау» облыстық практикалық семинар | «Өрлеу» БАҰО»,2022 |
| 5 | Утебасов Ануарбек | «Музыка сабағы-музыкалық білім беру процесін ұйымдастырудың негізгі формасы» республикалық семинар | «Өрлеу» БАҰО»,2023 |
| 6 | Бердібек Гулайым | «Эмоционалды интеллектті дамыту-денсаулық пен әл-ауқаттың негізі» қалалық семинар-тренинг | №56ОМ, 05.05.2023 |
| 7 | Кадырова Нурсая | «Қазақ тілі және «Қазақ әдебиеті» пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту» облыстық семинар «Алғыс хат» | «Өрлеу» БАҰО»,2022 |
| 8 | Дуйисова Клара | «Физикадан сандық –виртуалды жұмыстар:тәжірибелік көрсетілімдер,зертханалық жұмыстар және физпрактикумдарды ұйымдастыру әдістемесі» облыстық семинар –практикум,«Алғыс хат» | «Өрлеу» БАҰО»,2022 |
| 9 | Турлыбекова Зару | «Жаңартылған білім беру мазмұнындағы бағалау алгоритмі» облыстық семинар, «Алғыс хат» | «Өрлеу» БАҰО»,2022 |

**II Республикалық «Pedolimp» нәтижесі**

| № | Аты-жөні | Орны | Уақыты |
|---|---|---|---|
| 1 | Кайбалдина Айгул | III орын | 2023 |
| 2 | Сырбаева Айжан | I орын | 2023 |
| 3 | Ескарина Нургул | I орын | 2023 |
| 4 | Сактаганова Гулмира | I орын | 2023 |
| 5 | Жугунусова Гулназ | I орын | 2023 |
| 6 | Бернизова Бибигуль | I орын | 2023 |
| 7 | Есмагамбетова Манзира | III орын | 2023 |
| 8 | Есекен Ақторғын | I орын | 2023 |
| 9 | Дуйисова Клара | I орын | 2023 |
| 10 | Олжабаева Дана | II орын | 2023 |
| 11 | Абдуллина Айгерім | I орын | 2023 |
| 12 | Тажиева Шынаргуль | II орын | 2023 |
| 13 | Исбулаева Лаззат | I орын | 2023 |

**«Үздік жас маман-2023» байқауының нәтижесі**

| № | Аты-жөні | Байқау түрі,орны | Уақыты |
|---|---|---|---|
| 1 | Сырбаева Айжан | «Үздік жас маман-2023» мектепке дейінгі,арнайы ұйымдардың,жалпы білім беретін мектептердің педагогтеріне арналған облыстық педагогикалық байқау III орын | «Өрлеу» БАҰО»,14.02.2023 |
| 2 | Жоламанов Ерасыл | Ақтөбе қаласы математика мұғалімдеріне арналған республикалық шығармашылық байқау III орын | Қазақстан математика мұғалімдері қауымдастығы 20.01.2023 |
| 3 | Жоламанов Ерасыл | Жас математика мұғалімдеріне арналған I онлайн шығармашылық байқауы | Қазақстан математика мұғалімдері қауымдастығы, 2023 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 4 | Сүйеуов Рауан | Ақтөбе қаласы математика мұғалімдеріне арналған республикалық шығармашылық байқау III орын | Қазақстан математика мұғалімдері қауымдастығы 20.01.2023 |
| 5 | Сүйеуов Рауан | Асқар Жұмаділдаев атындағы жас математиктер арасындағы халықаралық байқау III орын | Қазақстан математика мұғалімдері қауымдастығы,Қызылорда облысы,мамыр 2023 ж |
| 6 | Абдуллина Айгерім | «Үздік WEB - САЙТ» облыстық байқауы III орын | Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы,2022 |

**«Заманауи педагог» облыстық олимпиада нәтижесі**

| № | Аты-жөні | Орны | Уақыты |
|---|---|---|---|
| 1 | Кадырова Нурсая | III орын | 2023 |
| 2 | Мадетхан Перизат | I орын | 2023 |
| 3 | Кузбаева Эльмира | I орын | 2023 |
| 4 | Кенжегалиева Дана | I орын | 2023 |

**«Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған облыстық олимпиада» нәтижесі**

| № | Аты-жөні | Орны | Уақыты |
|---|---|---|---|
| 1 | Кемединова Гулнур | II орын | «Өрлеу» БАҰО»,2023 |

Жас мамандар мектебі – жыл басында жас мамандар мектебінің жоспары бекітілді. Мектептегі жас мамандар анықталды. Жас мамандар саны – 12

Қыркүйек айында жас мамандарға тәлімгерлер бекітілді. Олар жас мамандарға іс құжаттарды жүргізуде, сабақ, күнтізбелік жоспарларын құруда, өзекті мәселені белгілеуді үйретіп отырды. Мектеп әкімшілігі тарапынан жас мамандарға әдістемелік оқыту ұйымдастырылды. Жас мамандарға арнайы отырыс ұйымдастырылып, сабаққа қатысу қорытындысы жасалып, жетістіктері мен кемшіліктері сараланып отырды. Сабақ беру кезінде әдістемелік тұрғыдан және теорияны практикамен ұштастырып, заман талабына сай жаңа технологияларды қолдана білу шеберліктерімен Есекен А,Жоламанов Е, М.Бердібек, Кшаева Ж,Айсағалиқызы Р,Сүйеуов Р,Сырбаева А,Калабаева А,Олжабаева Д жас ұстаздар көріне білді.

**Мектепішілік бақылау қызметі: бақылау функциясының мектептің дамуына қол жеткізудегі әрекеті және нәтижелігі.**

2022-2023 оқу жылында әдістемелік қызмет бойынша мектепішілік бақылау жыл бойы жүргізілді. Тексеру қорытындысы өндірістік және директор жанындағы кеңестерде қарастырылды. Сонымен қатар, барлық пән мұғалімдерінің сабағына қатысып, талданды, жетістік, кемшіліктері сараланды. Мектепте барлығы 36 кабинет бар. Оның 11-і бастауыш сынып кабинеті және математика, физика, биология, қазақ тілі, орыс тілі, шетел тілі, информатика, интрактивті, география, бейнелеу, АӘД, тарих, құқық, технология, хореография кабинеттері.Аталған кабинеттердің құжаттандырылғаны: №21 бастауыш сынып,№38 бастауыш сынып,№28 химия,№44информатика,№212 информатика , №46 қазақ тілі, №407 қазақ тілі,№42 жаратылыстану,№41 физика, №25 мультимедиялық кабинет,№11 бастауыш сынып кабинеті.

Бұл кабинеттердің лабораториялары бар, онда дидактикалық материалдар, кеспе, карта, плакаттар, қажетті бейне, аудио кассеталар жинақталған. Белгілі бір деңгейде толықтыру, жаңарту жұмыстары жүргізілді.

Мектепте сабақ кабинеттік жүйемен оқытылмайды, жекелеген кабинеттерде ғана, оның ішінде ағылшын тілі, орыс тілі, технология, информатика, физика кабинеттерінде сабақ кабинеттік жүйеде оқытылады.

**Бейіндік оқыту жағдайы**

2022-2023 оқу жылында №38 мектептің 10 - сынып жаратылыстану-математикалық бағытта, 11 «А» сынып қоғамдық-гуманитарлық бағыт,11 «Ә» сынып жаратылыстану-математикалық бағытта оқытылды. Бұл сыныптарда «XVIII -XX ғасырдағы ұлт –азаттық көтерілістер», «Жалпы биология негіздері», «Ғылым мен техникадағы физика», «Математикалық сауаттылық: ойлау,болжау,дәлелдеу».

Аталған курстар бойынша пән мұғалімдері мақсат міндеттеріне сай жұмыс жасап, оқушылардың білім дағдыларын қалыптастырды. Курсты оқыту барысында өз бетінше іздену жұмыстары жиі жүргізілді., оқушылар партфолиосы жинақталды, сөйлеу мәнері жетілдірілді, практикалық жұмыс түрлері жүзеге асырылды. Курсты оқыту барысында кездескен қиындықтар: оқулықтың жоқтығы, нақты әдебиеттердің көрсетілмеуі.

**Педагогикалық ұжымдар мен оқушылар ұжымының сыртқы ортамен байланысы**

Әркез өз білімдерін толқытырып, кәсіби деңгейін үнемі көтеріп, отыру-барлық мұғалімдердің міндеті. Сондықтан мұғалімдердің кәсіби білімін көтеру мақсатты түрде жоспарланды. Біріншіден, оқу жылының басында әр мұғалімнің өз мамандығына сай басылымдарға жазылуы жүргізілді. Мектеп мұғалімдері «Бастауыш мектеп», «Физика», «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Математика», «Қазақстан мұғалімі», «Қазақстан мектебі», «Русский язык и литература в казахской школе», «Қазақ әдебиеті», т.б. газет-журналдарына жазылды. Бұл педұжымның 87% қамтиды. Сонымен қатар, облыстық білім жетідіру және қайта даярлау институтының ұйымдастыруымен өткізілген курстарға мұғалімдер жоспарға сай жіберіліп отырылды.

Соңғы екі жылда ОКБА ҚДИ-де өз білімін көтерген мұғалімдер төмендегідей көрсеткіштерді көрсетті:

| Барлық мұғалім саны | 2021-2022 оқу жылы | | Барлық мұғалім саны | 2022-2023 оқу жылы | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Курста болған мұғалім саны | Пайыз | | Курста болған мұғалімдер саны | Пайыз |
| 70 | 22 | 30% | 70 | 27 | 38% |

**Әдістемелік қызметтің соңғы нәтижесін бағалау.**

Мектептің жалпы әдістемелік жұмысын талдай келе шығатын қорытынды:

- Жылдық әдістемелік жұмыс жоспарлы түрде нақты жүргізіліп, мақсатына жетті.
- Мұғалімдердің кәсіби біліктілік деңгейлерін көтеруге бағытталған жұмыстар жақсы деңгейде ұйымдастырылды.
- Тәжірибе алмасу, мұғалімдердің шеберліктерін шыңдау мақсатында ұйымдастырылған әдістемелік семинарлар апталықтар, онкүндіктер, жақсы деңгейде нәтижелі өтті деп бағаланды.
- Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту жобасы практикада жүйелі, нәтижелі қолданылып келеді.
- Дарынды балалармен жұмыс жүлделі табыстармен нәтижелі болды.
- Облыстық басылымдар арқылы бірнеше мұғалімнің сабақ жоспарлары, баяндамалары баспа беттерінде жарық көрді.

**Кемшіліктер:**

1. қалалық, облыстық олимпиадада орындардың аздығы.
2. Қалалық,облыстық деңгейде тәжірибе таратуға ұстаздардың белсенділік танытпауы

**Жаңа оқу жылына міндеттер:**

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын негізге ала отырып, мемлекеттік білім стандартында көрсетілген міндетті базалы білімді әрбір оқушынының меңгеруін қамтамасыз ету.
2. Инновациялық технологиялар арқылы оқушылардың танымдылық белсенділігі мен шығармашылық қабілеттіктерін дамытуға жағдай жасау.
3. Білім мазмұнын жаңарту (вариативтік, тереңдетіліп оқытылатын қосымша пәндер енгізу);
4. Әр оқушының білім деңгейін көтеруге шығармашылық қабілеті мен мүмкіндігін жүзеге асыруға негізделген диагностика жүйесін жетілдіру;
5. 9,11 сынып оқушыларының қорытынды аттестаттауға, мамандық таңдауға байланысты дайындық жұмыстарының әдіс-тәсілдерді жетілдіру;
6. Ғылыми-практикалық және ізденіс және жобалық жұмысты жалғастыру, оқушылардың интеллектауалдық, логикалық ойлау дамуының жаңа формаларын құру және қолданысқа енгізу;
7. Дарынды оқушыларды педагогикалық–психалогиялық сүйемелдеу, қолдау жұмыстарын жүргізу арқылы «Дарынды оқушының моделіне» сай тұлғаны қалыптастыру.
8. Оқушылардың құзіреттілігін бақылау деңгейін жеке портфолио арқылы жетілдіру;

Мектеп директоры Л.Ш.Урекешова

Директордың орынбасары С.А.Далеуова